

СИНГОРМАНИЗМ ЗАҶДЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Батырбеков Ерсейіт

*Низомий номидаги Тошкент
давлат педагогика
университети
2-курс магистранти*

***Annotatsiya.** Ushbu maqolada singormanizm hodisasining o‘ziga xos xususiyatlari va uning umumiy o‘rta ta‘lim maktablarda o‘qitilish jaroyinida foydalaniladigan mashqlar, ularning turlari, muammolari va yechimlari haqida bayon etiladi.*

***Kalit so‘zlar:** Tilshunoslik, fonetika, singormanizm, mashq, metodika.*

***Аннотация.** В данной статье описаны специфические особенности явления сингорманизма и его проявлений, их виды, проблемы и пути решения, используемые в процессе обучения в общеобразовательных школах.*

***Ключевые слова:** Языкознание, фонетика, сингорманизм, упражнения, методика.*

***Annotation.** This article describes the specific features of the phenomenon of singormanism and its exercises, their types, problems and solutions used in the process of teaching in general secondary schools.*

***Key words:** Linguistics, phonetics, singormanism, exercise, methodology.*

Қазақ тілін оқыту алдымен тіл білімінің жетістіктеріне сүйенетініне байланысты зерттеуде фонетика саласындағы, оның ішіндегі үндестік заңына байланысты ғылыми еңбектерге талдау жасалды.

Морфемалардың бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып және олардың аралығында қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляция жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруын дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы дейміз.

Дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заң қазақ тілі фонологиясының ең өзекті мәселелерінің біріне жатады. Дыбыстардың акустикалық-артикуляциялық сипаттарын нақты білгенде ғана бұл заңдылықты жақсы аңғаруға және түсінуге болады. Олай болса, тіліміздегі дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп бөлу, сан, сапа жағын айқындау, әр дыбысқа тән белгі-қасиеттерді мұқият оқып-үйрену – алдымен осы дыбыстардың үндесу заңдылықтарының сырын, сипатын білуге, айқындауға қажетті бірден-бір тетік, кілт деп қараған жөн.

Сингорманизм (грек. Sun – бірге, harmonia – байланыс, үндесу) – түркі тілдеріне тән аса күшті заң. Сингорманизм тіл және ерін үндестігі түрінде қарастырылады.

Дауыстылардың тілдің қызметіне орай бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке ыңғайласып, үйлесіп келуін тіл үндестігі дейді. Түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде сингорманизм заңы алдымен тіл үндестігі түрінде танылып келді. Өйткені бұл заң тіліміздегі байырғы сөздерді түгел қамтиды, ал ерін үндестігі жазудың негізінде елеусіз қалып келді.

Қазіргі қазақ тіліндегі тіл үндестігін екіге бөліп қарау керек болады: түбір тұрғысынан және түбір мен қосымшалардың ара қатысы тұрғысынан.

Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке болып келеді. Бұл бұлжымайтын заң – сингорманизм. Ертеректе енген араб-парсы сөздерін айтпағанда, орыс тілінен енген сөздердің өзі де аралас буын қалпынан ажырап, бірыңғай (жуан, жіңішке) буынды болып қалыптасады: бәтеңке (ботинка), кәмпит (конфет), нөмір (номер), резеңке (резинка) т.б.

Осы орайда сингорманизм заңдылығын оқытуда қолданылатын жаттығулар және оның орындалу барысы туралы тоқталамыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелерінің бірі – жаттығулар. Тілді оқытудың нәтижелі болуы жаттығулардың тиімді таңдалуына байланысты.

Жаттығу әдісі – педагогикада оқушының іскерлігі мен дағдысын қалыптастырып, қайрат-жігерін дамытуға бағытталған оқыту әдісі. Бұл әдіс арқылы оқушы алған білімін тәжірибеде қолданып, білімін тереңдетіп, оның шығармашылық қабілеті дамытылады. Оқушы оқу материалдарын сапалы түсініп, игергеннен кейін, әуелі сол материалға байланысты қарапайым, одан кейін бірте-бірте күрделі жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Оқу, үйрену, ұғынғанын тәжірибеде қолдану, іскерлікке дағдылану жүйесі арқылы оқушы білімді толық игереді.

З.С.Кузеева: «Жаттығулар – нағыз оқу құралы. Дидактика мен әдістемеді оқытудың құралы – оқулықтар деп айтылып жүр, біздіңше, оқулық – оқытудың құралдарын ұйымдастыру мен жүзеге асырудың нысаны болып табылады. Ал оқытудың нағыз құралы – жаттығулар. Әсіресе тілді үйреткіңіз келсе, жаттығуларсыз нәтижеге жете алмайсыз» деп, профессор Р.Әміров оқулықтарындағы жаттығуларға назар аудара отырып, «жаттығу дегеніміз – сіздің оқыту амалдарыңыздың мазмұны, кең тұрғыда, әдістеменің мазмұны», - деп береді.

Жаттығулар жүйесінің ерекшеліктерін анықтайтын оның құрастырылуы мен жаттығулар түрлерінің ұйымдастырылуы екені белгілі. Әдістемелік оқулықтарда жаттығу түрлерінің қазіргі кезде 30 шақтысы белгілі, олар түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктеледі.

Н.Оралбаева, К.Жақсылықова: «Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту, ал сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталады», - деген.

Ойлау қабілетінің бағытталуы белгісі кейбір түсіндірулерді қажет етеді, себебі дайындық және сөйлеу жаттығулардың жүйесіне енгізілген.

Күнделікті тілдік қарым-қатынаста есту қабілеті сөйлеу арқылы хабарлама мазмұнына бағытталған, сонымен қатар тұлғасы мен мазмұны толық бірлікте, ол мазмұнға немесе тұлғаға бағытталуы мүмкіндігі тілді үйретудің шарты болуы ықтимал. Зерттеулердің нәтижесі тілдік тұлғаға назар аударуда (мысалы, сөздердің дұрыс айту тұлғасын іздестіруде немесе тақырыптық топтамаларды жүргізуде және т.б.) бір мезетте мазмұнын түсіну қиындық туғызады.

Жоғарыда айтылғандай түрлі материалдарға құрылған дайындық жаттығуларын орындауда баланың мнемикалық қабілеті (мнемическая деятельность) ойлау қабілетімен үйлеседі.

Дайындық жаттығуларының қандайда бір түріне жүгінуге болады. Мысалы: «Сөздер тізбегін тыңдаңыз, есіңізде сақтаңыз және үндестік заңына сәйкес сөздер жасаңыз». Бұл жаттығуды орындауда мәлімет бойынша түсінік болуы қажет.

Жаттығуларды орындау үшін түсіндірулер мен жауаптың жұмыс мазмұнымен қайта байланыс мүмкіндігі (мысалы, жауап кілтімен берілуі) бары анық, нақты құрылған жаттығулар.

Бұндай жұмыс түрлері қатысушылардың өзі-өзін бақылауын, жіберілген қателерді түзетуге, берген жауаптарын әдебиеттер арқылы жетілдіруге жағдай туғызады.

Оқытушы жаттығу жұмыстарына қойылатын талаптар негізінде жүргізілетін жұмыс түрлерін мұқият есепке алып, оларды материал ыңғайына қарай түрлендіріп қолдану жолын алдын ала жоспарлап отыруы керек. Бұл ретте қарапайым және базалық деңгейдегі топтарда тілдік тақырыптарда айталық «үндестік заңы» тақырыбына оқушылармен төменде көрсетілгендей жазбаша және ауызша жаттығу жұмысы арқылы олардың тілін дамытып, дұрыс сөйлеуге дағдыландыруға болады.

1. Оқулықта, жаттығулар жинағында берілген мәтіндермен жұмыс істеу.

2. Kөркем шығармалар мәтінімен жұмыс істеу.
3. Газет-журнал материалдарынегізіндежұмысжүргізу.
4. Таблица,үлестірмелікарточкалар, мәтіндерпайдалану.
5. Плакаттар, қолдан жасалған суреттер пайдалану.
6. Экскурсияға шығып, көргендерін, алған әсерлерін белгілі сабаққа байланысты пайдалану.

7. Диктант, мазмұндама, шығарма жұмыстары.

8. Техникалық құралдар (аудио, бейне таспалар) арқылы жұмыс жүргізу.

Үндестік заңын дамыта оқытуда жаттығулардың мынадай түрлерін қолдануға болады:

1. **Аспектлік жаттығулар** – жаттығудың қолдану мақсатына қарай ерекше типі. Аспектлік жаттығуларды орындау барысында оқушылар үндестік заңының жекелеген құбылыстарын анықтап, соларды тануға, талдауға арнайы түрде жаттығады.

2. **Үй жаттығулары** – сыныпта берілген дыбыстар, қосымшалар, сөздер туралы материалды өз бетімен талдауға жаттықтыратын, оқушының теориялық ойлауы мен тілін дамыту жаттығуы.

3. **Сынып жаттығулары** – мұғалімнің басшылығымен сыныпта орындалатын, оқушыны үндестік туралы жаңа грамматикалық оқу материалын меңгеруге жаттықтыратын, теориялық ойлауы мен тілді дамытуға арналған жаттығу.

4. **Коммуникативтік (қатысым) жаттығулар** – оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын және үндестік заңын практикалық тұрғыдан биік деңгейлерде меңгеруіне жетелейтін шығармашылық жаттығулар түрі.

5. **Комплекстік (кешенді) жаттығулар** – үндестік заңының жекелеген белгілері мен қасиетін танып-білуде қолданылады, оқушы үндестік заңының алдыңғыда меңгерген қасиеттері мен заңдылықтарын қоса камтып талдау жүргізетін жаттығу түрлері.

6. **Бақылау жаттығулары** – оқушылардың үндестік заңының жекелеген белгілері мен қасиеттерін, заңдылықтарын қалай меңгергендігін, үндестік заңын талдау әдістерін қолдануға қалай машықтанғанын, үндестік заңы туралы өз бетімен ізденімдік-зерттеу жұмыстарын қалай жүргізуге дағдыланғандығын тексеретін жаттығулар түрі.

7. **Механикалық жаттығулар** – мән-мағынасына терең түсініп жатпай жаттауға дағдыландыратын жаттығу, оның маңызы тек оқушының ауызекі

сөйлеу мен есту моторларының дамуында алатын орнына байланысты анықталады.

8. Бір тілдік жаттығулар – оқушының ерекше тілдік сезімі мен тілдік қабілетін дамытуға арналған, ана тілінің фактілеріне мүлде, сүйенбей, интуициясына, ассоциациялау қабілетіне сүйенетін жаттығулар түрі.

9. Жазба жаттығулар – оқушының қимыл анализаторлары (қол қимылы мен ішкі сөйлеу артикуляциясы) негізгі рөл атқаратын жазбаша фиксациялау процесі; бақылау ретінде көру не есту анализаторлары қызмет етеді. Үндестік заңын дамыта оқыту барысында оқушының ой операцияларын орындауда жеңілдіктер беріп, өз бетімен жұмыс жасауында кең мүмкіндіктер жасайды.

10. Тілдік жаттығулар – сөз тіркесі бірлігімен жасалатын операциялардан тұратын және соларды орындату арқылы қарапайым (эмпирикалық) дағдыларды қалыптастырушы жаттығулар.

11. Орнына қойғызу (подстановочные) жаттығулары – оқушылар үндестік заңының кестелері мен конструкцияларына қажетті дыбысты қойып, сөзді жасайды, дәптерге көшіреді, сөздердің символдық және графикалық модельдерін қолдануға дағдыландырады.

12. Мәтіндік жаттығулар (мәтінге дейінгі, мәтіндік, мәтін соңынан орындалатын) – фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жаттығулардан өзгешелігі жекелеген тіл бірліктерін талдауға емес, тұтас мәтінде сөйлеу қызметінің нәтижесі ретінде қарайтын, сол тұрғыдан талдайтын жаттығулар түрі.

13. Трансформациялық жаттығулар – үндестік заңының бір құрылымын екінші құрылымға өзгертуге мүмкіндіктер туғызып, соның нәтижесінде сөйлеу мақсатына орай үндестік заңының парадигмасының ерекшелігін түсіндіретін жаттығулар түрі.

14. Оқу жаттығулар – үндестік заңын меңгертуге бағытталған барлық жаттығулар.

15. Жаттықтырушы жаттығулар – оқушыларға үндестік заңы туралы тілдік материалды меңгерту барысында қалыптасқан машықтары мен дағдылары негізінде қолдануға, үндестік заңы туралы алған теориялық білімі мен игерген теориялық әдістерін өмірде пайдалана алуға үйрететін жаттығулар.

16. Ауызша жаттығулар – оқушының моторлық және есту анализаторларына сүйенетін, тілдік материалды меңгеру барысында ауызша берілген теория мен тілдік фактілерді қабылдауға дағдыландыратын жаттығулар түрі.

Жаттыгулардың мақсаты: Сауатты жазуға, дұрыс, ережеге сай оқуға, мұқият тыңдауға, ойын жинақтап сөйлей білуге, ауызша және жазбаша пікір алысуға, тілдесуге дағдыландыру.

Жаттыгулардың тиімділігі: Оқушыларды есту, көру, оқу арқылы сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс оқып, қосымшалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету арқылы сөйлемді дұрыс құрастыруға баулу және берілген ойды түсініп, сөйлемді аяқтауға үйрету арқылы тіл үйренуге деген ынтасын арттыру, өз еркімен тіл үйренуге бағыттау.

Сонымен, үндестік заңын меңгерту арқылы сөйлеуге үйретуде жүргізілетін жаттығулар түрлерін орындатуда төмендегідей мәселелерді ескеру керектігі анықталды: мәтін мазмұнының білімдік, дамытушылық, танымдық, тәрбиелік мазмұнда болуы; орындалатын жұмыстарды жүйелік ұстанымды ескеру; жаттығуларды оқушылардың сөздік қоры мен сөйлеу дағдысын қалыптастыру негізінде жүргізу; сөйлесім әрекетінің түрлерімен байланысты жұмыс түрлерін әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы іске асыру; жаттығуларды оқушылардың тілін дамытуға бағыттау; грамматикалық материалды тәжірибеде қолдануға үйрету; сөйлеуге үйретуде үндестік заңының маңыздылығын ұғындыру; сөйлеу әрекеттері арқылы оқушыға деген қызығынын арттыру; сөйлеу әрекеттері негізінде сауатты сөйлеуді, жазуды дамыту; танымдық белсенділігін арттыру арқылы ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, сингармонизм заңдылығын меңгерту арқылы оқушылар білім, дағды және іскерлігін дамытуда ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді, функционалдық сауаттылығы артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Sayfulayev B. Some Problems of Phraseology of Turkic Languages (On the Example of Eye Phraseosomatizm). <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v5i4.263>
2. Sayfulayev B. Some Problems of Phraseology of Turkic Languages (On the Example of Eye Phraseosomatizm). <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v5i4.263>
3. Sayfulayev B. Structural Features of Uzbek-Kazakh Dialectal Phrasemas. <https://cajssh.centralasianstudies.org/index.php/CAJSSH/article/view/311>
4. Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 144 б.

5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
6. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың тілін дамыту жолдары. – Алматы: «Рауан» – 2000.
7. Әбілкаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1995. - 77 б.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010. – 608 б.
9. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Дәуір-кітап», 2013 ж. – 220 б.